

Астана қ.

«11» қазан 2022 ж.

Қатысқандар:

М.Е. Самамбетов - «Астана орманы» ЖШС директоры;
А.Т. Мукатов - «Астана орманы» ЖШС директорының өндіріс жөніндегі бірінші орынбасары;
Г.З. Абильдинова - комплаенс офицер;
«Астана орманы» ЖШС жүргізушілер мен трактор жүргізушілері (тізім бойынша).

КҮН ТӘРТІБІ:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша.

Сөз сөйледі:

«Астана орманы» ЖШС директоры М.Е. Самамбетов өз қызметі барысында, қызметкерлердің арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша қабылдаған шараларды жүзеге асыру барысында серіктестікпен жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын орындаудың маңыздылығына кеңеске қатысушылардың көнілін бөлді.

А.Т. Мукатов қатысушылардың назарына бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық мәселесі қоғамымыздың маңызды мәселерінің біріне айналғанын айтты. Қызметкерлердің назарын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын мүлтіксіз сақтау қажеттілігіне назар аударды.

Комплаенс офицер Г.З. Абильдинова:

Құрметті әріптестер! Бүгінгі таңда негізгі заңдардың бірі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ болып табылады. Осы Заң сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған. Осы заңның 1-бабына сәйкес б) сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе

табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

16-бабына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілерінде негізгі міндеті тиісті ұйымның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функцияларын атқаратын құрылымдық бөлімшелер айқындалады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің құзыреті, қызметін ұйымдастыру мен оның тәртібі квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі актісінде айқындалады.

Қорытындылау, сұрақтар мен жауаптар.

Кенестің қорытындысы бойынша:

1. Еңбек ұжымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын түсіндіру бойынша тұрақты жұмыс жүргізу қажеттілігіне назар аударылды.
2. Серіктестік қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау фактілерін анықтау бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізу ұсынылды.
3. Жоғарыда көрсетілген жұмыс Серіктестіктің ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

«Астана орманы» ЖШС директоры



М.Е. Самамбетов

«Астана орманы» ЖШС
директордың өндіріс жөніндегі
бірінші орынбасары



А.Т. Мукатов

Комплаенс офицер



Г.З. Абильдинова